

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты.



ГЕРМАНИЯЛЫҚ ЗАУЫТТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӨШІРМЕСІ

«SAUMAL» ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ҚАЛАЙ ШЫҒАДЫ?

«Saumal» брендин дамыту стратегиялық жоспарын жүзеге асырудың Қазақстанға берері мол. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласының дамуына оң әсерін тигізеді. Былтырғы жылдың көрсеткішіне сенсек, еліміздегі жылқы саны 2,4 млн басты құрайды. Бұл, әрине, жылқының отаны саналатын Қазақстан үшін ұятты жағдай. Егер «Saumal» әлемдік нарықты толықтай жаулап алса, еліміздегі шаруа қожалықтарының да жылқы өсіруге деген ынталары артатыны анық. Сөйтіп, республикамыздың экономикасы табиғи ресурстарға байланып қалуының алдын алуына да үлесін қосады.

03-БЕТТЕ



ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНА САҚАДАЙ САЙМЫЗ БА?

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫЛАР, ПАЛУАНДАР, АУЫР АТЛЕТТЕР... ӘЛІ БАБЫНДА ЕМЕС ЕКЕН

Токиода өтетін Жазғы Олимпиадада қазақстандық ауыр атлеттер мүлдем медальсіз қалатын түрі бар. Біріншіден, біздің ұлттық құрама допингке қарсы ережелерді өрескел бұзушы ел ретінде екі олимпиадалық лицензияға ғана үміткер бола алады (бір ер және бір әйел), оның өзін жеңіп алу керек. Екіншіден, былтыр Таиландта аяқталған әлем чемпионатының қорытындысы, шындығында, құрамада үлкен сенім арттар ешкімнің қалмағанын көрсетті.

06-БЕТТЕ

21 қаңтарда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновті



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

қабылдады. Ал, 22 қаңтар күні Мемлекет басшысының қабылдауында «Атамекен» ҰКП президиумының төрағасы Тимур Құлыбаев пен Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Талғат Донақов болды.

ЕЛБАСЫ МЕН ПРЕЗИДЕНТ АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ШАРАНЫ АШТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың ұлы ойшылы, ғұлама ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының басталуына арналған салтанатты шараға қатысты. Осылайша, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің барлық өңірінде және шетелдерде жыл бойына өтетін мерекелік шараларды ресми түрде бастап берді.

«Қазақ халқы – Абайдың халқы» атты мерекелік концерт «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрында өтті.

Концерт бағдарламасына Абайдың барлық музыкалық мұрасы енген. Ақын шығармаларын КСРО және Қазақстан халық әртістері Асанәлі Әшімов, Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, белгілі мәдениет қайраткерлері Майра Мұхамедқызы, Айман Мұсақожаева, Берік Айтжанов және халықаралық, рес-

публикалық байқаулардың лауреаттары мен талантты жастар орындады.

Алтай Көлгінов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Нұр-Сұлтан қаласының 2019 жылдың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы есеп беріп, Президенттің Елорданы дамыту жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларының орындалу барысы жайында баяндады.

Президент әкімге жұмыспен қамту, аз қамтылған отбасыларды қолдау, үлескерлердің мәселесін түбегейлі шешу және Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымдық дамуы бойынша берілген тапсырмаларды сапалы және уақытылы орындау керектігін атап айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Атамекен» ҰКП президиумының төрағасы Тимур Құлыбаевты қабылдады. Кездесуде Мемлекет басшысына бизнес секторының ахуалы, отандық кәсіпкерліктің проблемалары, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының осы саладағы қызметінің қорытындылары, агроөнеркәсіп кешенінің дамуы, фермерлер мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қаржы айналымының қажеттілігі, экономиканың өзге де секторларына қаражаттың қолжетімділігі жайында баяндалды.

Мемлекет басшысы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Талғат Донақовты қабылдады. Кездесуде Талғат Донақов Президентке Жоғары Сот Кеңесінің 2019 жылғы жұмыстарының қорытындылары жайында баяндап, еліміздегі сот корпусының ахуалы, судьяларды іріктеу ісін қатаңдату және соттардың кадрлық резервін қалыптастыру бағытында қабылданған шаралар туралы мәлімет берді.

04 БЕТТЕ



АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Ұлттық мүдде. Бұл бүгінгі тіршілік пен келешек өмірдің қажеттіліктерінен туындайды. Сол себепті мұнда этникалық та, мемлекеттік те мүдде қатар жүреді. Себебі, біз енді Адамзат өркениетінен қалмауға тиіспіз. Оның озық ойлары мен жетістіктерін түгел игеріп, пайдалана білуіміз керек.

05 БЕТТЕ



МЕМЛЕКЕТ ІШІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕР

Ресей Федерациясының құрамындағы Дағыстан да, Саха (Якутия) да, Шешенстан да, Мари ЭЛ де Мәскеуден бөлінген ақшаға тәуелді, яғни бұл республикалар өз бетімен күн көре алмайды. Сондықтан олар азаттық алуды армандамайды, жеке отау тігуге ұмтылмайды.

07 БЕТТЕ



ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ

1999 жылы Мәжіліске екінші рет сайланған Әбдіжәлел Бәкір парламентаризмнің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, Қазақстан кәсіби Парламентінің қалыптасуын арнайы зерттеді. Осы тақырыпқа 30-дан астам ғылыми мақалалар жазып, диссертация қорғады.

